

– найдите выход из ситуации (на базе рассказов-головоломок).

Примеры много текстовых проблемных заданий:

– прочтите тексты, выражающие разные точки зрения по одному вопросу, что еще можно добавить от себя?

– соедините два текста, выражающих разные точки зрения, в один, как будто его писал один автор.

Подводя итог к вышесказанному, использование на уроках английского языка различного вида текстовых заданий с аудио и видео материалом способствует развитию функциональной грамотности учащихся, комплексному освоению учащимися основных видов речевой деятельности, а также развивает творческое мышление, приучает учащихся к внимательной и вдумчивой работе на уроке. Такие задания мотивируют учащихся и расширяют кругозор.

Литература:

1. Образовательная система «Школа 2100». Педагогика здравого смысла/под ред. А.А.Леонтьева. М. Баласс, 2003.

2. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся основной школы при освоении дисциплин общественно-гуманитарного цикла. Методическое пособие. - Астана, 2013.

3. Панфилова Е.И. К вопросу о формировании функциональной грамотности учащихся на уроках английского языка /Концепт: Современные научные исследования: актуальные теории и концепции. Выпуск 3. - 2015.

**Балова Б.У.**

**«Ғ.Қайырбеков атындағы № 2 мектеп-гимназиясы» КММ, Астана қ.**

## **СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУ ТЕОРИЯСЫ СЫНИ ОЙЛАУҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН ЖОЛ**

Аннотация. Функционалдық сауаттылық- адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Функционалдық сауаттылық - тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік дағдыларының жиынтығы. Оқушы оқығанын сын тұрғысында ойлана отырып, сындарлы көзқараспен өзөмірінің кішкене кезінен бастап, өзін-өзі шынайы бағалап қолдана білуі. Мұғалімнің оқыту құралдары оның өз білімі мен сенімі, көзқарастарының жиынтығынан тұруы тиіс. Бұл элементтердің барлығын жинақтасақ, жеке тұлғаның ерекше «білім беру сызбалары» құралады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, сындарлы оқу, сыни ойлану.

Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастырудың мақсаты.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығы дегеніміз - оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуі.

Ақпараттық қоғамда табыспен өмір сүру сындарлы оқудың тиімді тәсілдеріне тартылуы қажет. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру оқыту жүйесіне қойылып отырған әлеуметтік сұраныс талаптарымен, оқушының оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым сауаттылығын, денсаулық мәселесіндегі сауаттылығын, құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған арнайы жұмыс арқылы оң нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылық мазмұны келесі мағынада сипатталады:

- оқу, жазу сауаттылығынан;
- жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығынан;
- математикалық сауаттылығынан;
- компьютерлік сауаттылығынан;

Халықтың қоғамдық өмірін, арман-мүддесін танытуда, идеялық-саяси, рухани-адамгершілік, этикалық-эстетикалық т.б. тәрбие беруде, дүниеге көзқарасын, мінезін, жалпы мәдениетін қалыптастыруда көркем әдебиетті қуатты құралдардың бірі ретінде пайдалану, тіліміздің өзіндік қалыптасқан нормаларын, жалпы айтқанда грамматикасын үйрету - мектептің алғашқы сатысының бастауы. Білім алу - батылдық, оны толықтыру-даналық, ал шебер қолдана білу-өнер!

Функционалдық сауаттылықты түсінудің басқа да жолдары бар: адамның жақсылық пен тілектестік рухында тәрбиеленуі үшін қарым-қатынас мәдениетін, жеке кәсіби технологиялық дайындығын қамтамасыз етеді.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды» дамыту бағдарламасы - ұстаз бен оқушыны ізденуге жетелейтін, шығармашылық шабыт беретін, толғанып жүрген мәселелерді шешуге бағыт беретін, болашаққа деген үмітті арттыратын сәуле.

А.Байтұрсыновтың «Елді түзету бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген сөздерінің бүгінгі күннің даму ерекшеліктері мықтап дәлелдеп берген.

Әр мемлекет болашағы оның жастарға білім мен тәрбие беру мәселесін қандай деңгейде атқарып жатқандығына пропорционалды. Сол себепті білім беру жүйесі ылғи да жаңғырып, жаңашаланып, заман талабына сай дамып отыруы керек.

Өйткені, бүгінгі күннің басты талаптарының бірі-даму. Осыған орай әр мемлекет, қоғам, мекеме,фирма, әр адам бүгінгісін кешегіден бері жақсартып, ертеңгісін бүгіннен жақсартуға ұмтылуда.

Қазіргі уақытта жаңаның ғұмыры тым қысқа, кез келген ақпараттың жартылай ыдырау мерзімі екі-ақ жыл, кез келген саладағы ақпарат әр 76 күн сайын екі еселенуде. Сол себепті де жаңадан туған идея, бұйым, өнімдер тез арада ескіріп, олардың орнына басқа идея, бұйым, өнімдерді жасау, шығару қажеттілігі туындайды.

Бүгінгі заман жаңалыққа құмар, жаңаша ойлайтын, жаңалық ашатын адамдарға зәру. Заманауи маман қазіргі болмысына, ахуалына, жұмысына, жетістіктеріне қанағаттанбай, оларды үнемі жақсартуға, кемелдендіруге ұмтылады. Дамудың шегі жоқ. Дәл осы секілді мұғалімнің өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты, жүйелі, шынайы түрде дамытып отырғандығы абзал.

Әрмұғалімнің «Бүгінгі сабағым кешегіден жақсы болуы керек, ал ертеңгі сабағым бүгінгіден де ұтымды болуы қажет» деген қағиданы ұстанғаны жөн.

Бұл үшін «Кәсіби даму дегеніміз тәжірибе және рефлексия» деген формулаға сәйкес мұғалім өзінің әр сабағын ой елегінен өткізіп, талдап, оның жақсы жақтары мен оның себептерін анықтап, бұл сабақты жақсартудың бағыттарын, жолдары мен амалдарын таңдауы керек.

Мен өз іс-тәжірибемде функционалдық сауаттылықты дамыту үшін күнделікті сабақтарымда түрлі тапсырмалар, қызықты ойындар, логикалық есептер қолданамын.

Мысалы:

- Егер фигура үшбұрыш болмаса, онда ол ақ түсті.
- Егер фигура шеңбер де, үшбұрыш та болмаса, онда ол ақ түсті.
- Егер фигура көгілдір түсті болмаса, үшбұрышқа жатпаса, онда ол - шаршы.
- Егер фигура қызыл сары түсті болмаса, онда ол шеңбер емес.

Сабақ уақытында оқушыға бағыт-бағдар беріп, өз бетімен жұмыстануға, ізденуге, сыни ойлауға дағдыландыру керек. Оқыту негізін түсіну, оқып білу, саралап оның тиімді әдістерін таңдап, қолдануды басшылыққа алудамын. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге білім алуды үйрену бар. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті.

Тап осы сияқты танымдық қабілет бар да, сол сияқты танымды да тану да бар. «Қалай оқу керектігін үйрету» модулінің атауы «өзін-өзі реттеу» үдерісіне жатады.

Бұл үдерісте оқушылар метатану үдерісі арқылы түсіну, бақылау және оқу тәжірибесіне қадағалау жүргізу қабілеттерін алуы мен ойлауын дамытуға ықпал ететін бірқатар үдерістерге қатысты қолданылады. [5,б.41].

Метатануға когнитивті үдерістерді білу, түсіну және реттеу немесе олар туралы ойлау, қатесін танып-білу және ойлауды реттеу деген анықтама беруге болады. [5,б.48] өткізген алғашқы кең көлемді метатану зерттеуінде ерте жастағы балаларға еске сақтауға тапсырмалар беруге болады деп айтқан болатын.

Егер білім игерудің бастау нүктесі қолайсыз таңдалынып алынса, онда тіпті ең жақсы оқушылардың өздеріне де алған білімдерін еске сақтау қиындық тудырады, тестіден немесе емтиханнан өткеннен кейін мүлдем ұмытып қалады.

Қазіргі кезде балаларға білім беруде жетістіктерге жету жолында сабағымның нәтижелі өтуіне байланысты жұмыс түрлерін, әдіс-тәсілдерімді түрлендіруді жолға қойдым.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер оқушылардың өздерін жан-жақты тануына, шығармашылық талантарын анықтауға, өзін-өзі оқытудың қажеттілігін мойындауға, сыни көзбен жүйелі ойлануға көмектеседі.

Сабақтың тұсаукесер, негізгі және қорытынды бөлімдерінде «сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулін негізге алып БЛУМ таксономиясының төменнен жоғарыға қарай күрделенген сұрақтарын пайдаланамын.

Мұғалімге арналған оқулықта айтылған сыни тұрғыдан ойлауды атақты педагог Л.С.Выготский: «Балалар мен жасөспірімдердің мақсатты дұрыс қоя алмайтынын жиі кездестіреміз.

Оқушылардың белігілі бір нәрсеге қол жеткізе алмауы, қолынан келмегендіктен емес, не үшін керектігін, өмірлік маңызын түсінбегендіктен болады» деген қағидасына сүйене отырып, оқушылардың ойларын сыни тұрғыдан дамытудың жолын іздестіру қажет.

Мұғалім басқа әріптестерімен үнемі бірлесе жұмыс жасап, сабақтарды келісе, ақылдаса жоспарлап, өзара сабақтарға қатысып, оларды жақсарту мақсатында бірлесе талдауы қажет. Осылайша мұғалімдер әр сабағын табысты түрде өткізуге ұмтылады.

Әр сабақты табысты түрде өткізу- әр мұғалімнің басты міндеті, оқушының функционалдық сауаттылығының артуы. Сабақ уақытын ұтымды пайдалануға, мұғалім мен оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға көп көмегін тигізетін технологияны тиімді қолдана білу.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен жан-жақты зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын - сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша жүргізілетін жұмыс оқушыларда мына дағдыларды қалыптастырады:

- Өз бетінше тұжырым жасап, қорытындыға келу;
- Ұқсас құбылыстардың арасынан өздеріне тиімдісін таңдай білу;
- Проблемаларды шеше білу;
- Пікір таласты жүргізе білуге деген қабілет қалыптасады.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың әдіс-тәсілдерін тәрбие жұмысында қолданудың нәтижесі:

- Әдіс түрлері;
- Белсенді практикалық іс-әрекетте болуы;
- Басқалармен қарым-қатынас жасай білуді, өз ойын қорғай білу;
- Қажет болса, өз көзқарасын өзгерту;
- Топтық тұжырымда өз ойын еркін айта білу;
- Топ алдына шығып, өз тұжырымын қорыту.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудағы әдіс-тәсілдерін қолдану сабақта көп нәтиже береді. Оқушының жеке басын дамыту үшін мынадай қағидаларды есте ұстап отыру керек.

- Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оны үнемі алға жылжуға деген талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.

- Білімді өз бетімен іздену арқылы ойлауға жағдай жасау.
- Өзін-өзі қалыптастыратын тұлға қалыптастыру.

«Баланың ынтасын арттыру үшін оқытатын нәрседі бір жаңалық болуы тиіс» деп Ж. Аймауытов айтқандай еліміздегі білім беру жүйесі жаңарып, толығырақ түсуі заман талабынан туындап отыр. Өркениетті дамыған елдердің тәжірибесін үйреніп, оны өз іс-тәжірибемізде тиімді қолдансақ білімді өрендер қатары көбейеді деп ойлаймын.

Сабақтарда оқушының өз бетімен жұмыс жасауы, өзіндік пікір айта алуы, зерттей алуы, сыни ойлай алуы білім алушы үшін жақсы тәсіл болып отыр. Дәстүрлі білім беру жүйесінде сабақ барысында көбіне белсенділік танытатын мұғалім, ал оқушы тек дайын мәліметті қабылдаушы болса, қазіргі таңда оқушы потенциалын іске қоса отырып оқыту мақсатына бірлескен түрде жету-уақыттың еншісінде болып отыр. Осы әдіс-тәсілдердің қыр-сырына жету үлкен тынымсыз еңбекті қажет етеді.

Әдебиеттер:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектебі», «Мұғалімге арналған нұсқаулық» ДББҰ, 2012.
2. [www.it-tirlik.kz](http://www.it-tirlik.kz) -Жаңа технология туралы ақпараттық-танымдық журнал 2015 № 7
3. <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдер
4. Асхат Алимов. Табысты сабақ жоспары. 2018 жыл.
5. <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері